

Microsoft License Terms

MICROSOFT БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМА ЛИЦЕНЗИЯЛЫҚ КЕЛІСІМІНІҢ ШАРТТАРЫ

OFFICE 2016 DESKTOP

Соңғы жаңартылған күні: шілде, 2015 ж.

ЕГЕР СІЗДІҢ ТҰРҒЫЛЫҚТЫ ЖЕРІҢІЗ (НЕМЕСЕ ҚЫЗМЕТІҢІЗДІҢ НЕГІЗГІ ОРНЫ) АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНДА БОЛСА, МІНДЕТТІ АРБИТРАЖ МӘЛІМДЕМЕСІН ЖӘНЕ КОЛЛЕКТИВТІ ҚҰЫНУДАН БАС ТARTУ ТУРАЛЫ 9-БӨЛІМНЕН ОҚЫҢЫЗ. ОЛ ДАУДЫ ШЕШУГЕ ӘСЕР ЕТЕДІ.

Microsoft жүйесін таңдағаныңыз үшін рақмет!

Office бағдарламалық жасақтамасын алу әдісіне байланысты, бұл (i) сіз және құрылғыны өндіруші немесе құрылғыға бағдарламалық жасақтаманы орнатушы немесе (ii) сіз және бағдарламалық жасақтаманы сатушыдан алған болсаңыз, Microsoft корпорациясы (немесе тұрғылықты жеріңізге немесе бизнесіңіздің негізгі орналасқан жердегі бизнесіңізге байланысты оның бір филиалы) арасындағы келісім болып табылады. Microsoft – Microsoft немесе оның бір филиалы шығарған құрылғылар үшін құрылғы өндірушісі, ал егер сіз бағдарламалық жасақтаманы тікелей Microsoft ұйымынан алсаңыз, Microsoft сатушы болып табылады.

Бұл келісімде Office бағдарламалық жасақтамасын пайдалану құқықтарыңыз бен пайдалануға болатын жағдайлар туралы айтылған. Сіз бүкіл келісімді, оның ішінде бағдарламалық жасақтамамен бірге берілген басып шығарылған лицензия шарттарын және кез келген сілтемедегі шарттарды қарап шығуыңыз қажет, себебі бұл шарттардың барлығы маңызды және сізге қолданылатын осы келісімді құрайды. Сіз сілтемені шолғыш терезесіне қою арқылы байланысты шарттарды қарап шыға аласыз.

Осы келісімді қабылдау немесе бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы сіз осы шарттардың барлығымен келісесіз және 4-бөлімде айтылған Microsoft құпиялық мәлімдемесіне сәйкес белсендіру және бағдарламалық жасақтаманы пайдалану кезінде кейбір ақпаратты беруге рұқсат етесіз. Егер осы шарттарды қабылдасаңыз және орындамасаңыз, сіз бағдарламалық жасақтаманы немесе оның мүмкіндіктерін пайдалана алмайсыз. Қайтару

саясаты мен сол саясатқа сәйкес төленген соманы немесе несиені қайтару үшін бағдарламалық жасақтаманы немесе құрылғыны қайтару туралы білу үшін құрылғыны өндірушіге немесе орнатушыға не болмаса егер бағдарламалық жасақтаманы тікелей сатып алсаңыз, сатушыға хабарласуға болады. Төленген соманы немесе несиені қайтару үшін бағдарламалық жасақтамамен бірге бағдарламалық жасақтама орнатылған бүкіл құрылғыны қайтаруға міндеттейтін сол саясатты қолдануыңыз қажет.

1. Жалпы ережелер.

а. Қолдану. Бұл келісім құрылғыға алдын ала орнатылған немесе сатушыдан алып, өзіңіз орнатқан Office бағдарламалық жасақтамасына, бағдарламалық жасақтаманы (егер болса) алған медиаға, бағдарламалық жасақтамадағы кез келген қаріптерге, белгішелерге, суреттерге немесе дыбыс файлдарына және оларға басқа шарттар қолданылмайынша бағдарламалық жасақтама үшін Microsoft жаңартуларына, толықтыруларына немесе қызметтеріне де қолданылады. Егер осы келісімде құрылғыңызда жоқ мүмкіндікке немесе қызметке қатысты шарттар болса, сол шарттар қолданылмайды.

ә. Қосымша шарттар. Құрылғыңыздың мүмкіндіктеріне, оның реттелгеніне және қолданғаныңызға байланысты кейбір мүмкіндіктерді, қызметтер мен бағдарламаларды пайдалану үшін қосымша Microsoft және үшінші тарап шарттары қолданылуы мүмкін.

(1) Кейбір бағдарламалық жасақтама мүмкіндіктері интернеттегі қызметтерге кіру нүктесін немесе сілтемені ұсынады, ал сол қызметтерді пайдалану кейде go.microsoft.com/fwlink/?linkid='248238' веб-торабындағы Microsoft қызметтер келісімі сияқты жеке шарттар мен құпиялық мәлімдемесі арқылы басқарылады. Осы шарттар мен саясаттарды қызметті пайдалану шарттарынан табуға болады; оларды оқып шығыңыз. Қызметтер барлық аймақтарға қолданылмауы мүмкін.

(ii) Өндіруші немесе орнатушы бағдарламаны алдын ала орнатуы да мүмкін, ол бөлек лицензия шарттарына бағынады.

(iii) Бағдарламалық жасақтама осы келісімі негізінде үшінші тарап емес, Microsoft корпорациясы лицензиялайтын үшінші тарап бағдарламаларын

қамтуы мүмкін. Үшінші тарап бағдарламасы бойынша ескертулер бар болған жағдайда, олар тек ақпарат беру үшін қамтылады.

(iv) Бағдарламалық құрал жұмыс істеп тұрғанда, сіз мазмұнды басып шығару және бейнелеу үшін оның қаріптерін қолдануға құқылысыз. Мазмұнды басып шығару үшін қаріптерді уақытша принтерге немесе басқа шығару құрылғысына жүктеуге болады, әрі қаріптерді мазмұнға тек қаріптердегі ендіру шектеулері рұқсат еткендей ендіре аласыз.

2. Орнату және пайдалану құқықтары.

а. Лицензия. Бағдарламалық жасақтама лицензияланған, бірақ сатылмайды. Осы келісімге сәйкес келісімнің барлық шарттары орындалған жағдайда, біз сізге бір дананы орнатуға (бағдарламалық жасақтаманы ритейлерден алған болсаңыз) және құрылғыңызда (лицензияланған құрылғыда) бір уақытта бір адамға пайдалануға рұқсат береміз. Төмендегі 12-14 бөлімдерден бағдарламалық жасақтаманың шектеулі құқықтары бар нұсқаларына, арнайы географиялық аймақтары мен нұсқаларына қолданылатын лицензиялар мен шарттардан қараңыз. Түпнұсқа емес бағдарламалық жасақтаманы Microsoft немесе өкілетті көздердегі бағдарламалық жасақтамамен жаңарту бастапқы нұсқаны немесе жаңартылған нұсқаны түпнұсқа етпейді және бұл жағдайда сізге бағдарламалық жасақтаманы пайдалану үшін лицензия берілмейді.

ә. Құрылғы. Бұл келісімде «құрылғы» бағдарламалық жасақтаманы іске қоса алатын ішкі жад құрылғысы бар бір жабдық жүйесін (физикалық немесе виртуалды) білдіреді. Қатты дискідегі бөлім немесе диск бір құрылғы болып есептеледі.

б. Шектеулер. Өндіруші немесе орнатушы және Microsoft ұйымы осы келісімде тікелей берілмеген (зияткерлік меншік заңдарына сәйкес құқықтар сияқты) барлық құқықтарды өздерінде қалдырады. Мысалы, бұл лицензия төмендегілерді жүзеге асыруға ешқандай құқықтар бермейді:

(1) бағдарламалық жасақтаманың мүмкіндіктерін бөлек пайдалану немесе виртуалды ету;

(ii) бағдарламалық жасақтаманы жариялау, көшірмесін жасау, жалға беру немесе қарызға беру;

(iii) бағдарламалық жасақтаманы (осы келісімде рұқсат берілген жағдайда) үшінші тарапқа беру;

(iv) бағдарламалық жасақтамадағы қандай да бір техникалық шектеулерден айналып өту;

(v) коммерциялық мақсатта орналастыру үшін бағдарламалық жасақтаманы серверлік бағдарламалық жасақтама ретінде пайдалану, бағдарламалық жасақтаманы желі арқылы бірнеше пайдаланушы қолдана алатындай ету, бағдарламалық жасақтаманы серверге орнатып, пайдаланушыларға оған қашықтан қол жеткізу мүмкіндігін беру немесе бағдарламалық жасақтаманы құрылғыда тек қашықтағы пайдаланушылар қолдану үшін орнату;

(vi) бағдарламалық жасақтаманы кодын алу үшін шашу, декомпиляциялау, бөлшектеу немесе осы келісім рұқсат етпегеннің өзінде тұрғылықты жердегі (немесе бизнесіңіз орналасқан жердегі) заң рұқсат берген кезден басқа уақытта мұны орындауға тырысу. Бұл жағдайда, заңда рұқсат берілсе, орындауға болады; немесе

(vii) Интернет негізіндегі мүмкіндіктерді қолданған кезде сол мүмкіндіктерді басқа адамның оны пайдалануына кедергі келтіретіндей етіп немесе рұқсат алуға әрекет ету үшін не болмаса қызметті, деректерді, тіркелгіні не желіні рұқсат етілмеген жолмен пайдалану үшін қолдануға болмайды.

в. Сценарийлерді бірнеше рет пайдалану.

(1) Бірнеше нұсқалар. Бағдарламалық жасақтаманы алғанда сізге бірнеше нұсқасы (мысалы, 32 биттік және 64 биттік нұсқалар) беріледі, бір уақытта тек солардың біреуін орнатып, белсендіруге болады.

(ii) Бірнеше немесе біріктірілген қосылымдар. Аппараттық құралды немесе бағдарламалық жасақтаманы байланыстарды біріктіру немесе жинақтау үшін пайдалануға, я болмаса, басқалай бірнеше пайдаланушыға немесе бірнеше компьютерге немесе құрылғыға лицензияланған компьютер

арқылы бағдарламаға жанама түрде кіруге немесе пайдалануға мүмкіндік беруге болмайды.

(iii) Виртуалды ортада пайдалану. Бұл лицензия құрылғының физикалық немесе виртуалды болғанына қарамастан, бір құрылғыда пайдалану үшін бағдарламалық жасақтаманың тек бір данасын орнатуға рұқсат береді. Бағдарламалық жасақтаманы бірнеше виртуалды құрылғыда пайдаланғыңыз келсе, әрқайсысы үшін бөлек лицензия алу қажет.

(iv) Қашықтан ашу. Лицензияланған құрылғыда орнатылған бағдарламаны бір уақытта басқа пайдаланушы пайдаланып жатпаған жағдайда, құрылғыда орнатылған бағдарламалық жасақтаманы қашықтан басқару технологиялары арқылы кез келген құрылғыдан ашуға және оны пайдалануға болады. Басқа уақытта басқа пайдаланушылар қашықтан ашу технологиясы арқылы басқа құрылғыдан лицензияланған құрылғыны, тек сол бағдарламалық жасақтамамен бірдей немесе жоғары шығарылымын іске қосу үшін бөлек лицензияланған құрылғыда аша алады.

(v) Қашықтан көмек көрсету. Бағдарламалық жасақтама үшін қосымша лицензия алмастан, белсенді сеансты бөлісу үшін қашықтан көмек алу технологиясын пайдалануға болады. Қашықтағы көмекші бір пайдаланушыға басқа пайдаланушы құрылғысына тікелей қосылуға, әдетте, ақауларды жою мақсатында мүмкіндік береді.

г. Сақтық көшірме. Мына office.com/backup веб-торабынан бағдарламалық жасақтаманың сақтық көшірмесіне тапсырыс беруге немесе жүктеп алуға және ритейлерден алынған болса төменде сипатталғандай бағдарламалық жасақтаманы тасымалдау үшін де сол сақтық көшірмені пайдалануға болады.

3. үшінші тараптарға беру. Бұл бөлімнің шарттары бағдарламалық жасақтама Еуропалық Экономикалық Аймақта сатып алынған жағдайда қолданылмайды. Бұндай кезде кез келген бағдарламалық жасақтаманың берілуі және құқықтары тиісті заңдарға бағынышты болады.

а. Құрылғыға алдын ала орнатылған бағдарламалық жасақтама. Егер құрылғыға алдын ала орнатылған бағдарламалық жасақтаманы алсаңыз, бағдарламалық жасақтаманы тікелей басқа пайдаланушы қолдануы үшін тек

лицензияланған құрылғымен бірге жіберуге болады. Жібергенде бағдарламалық жасақтама мен өнім кілтімен қоса түпнұсқалы Office жапсырмасы (егер құрылғымен берілген болса) болуы тиіс. Кез келген рұқсат етілген тапсыру кезеңіне дейін, басқа тұлға осы келісім бағдарламалық жасақтаманы қолдануға және тапсыру үшін әрекет жасайтынына келісу керек.

б. Сатушыдан алынған бөлек бағдарламалық жасақтама үшін. Бағдарламалық жасақтаманы сатушыдан бөлек бағдарламалық жасақтама ретінде алсаңыз, әр 90 күн сайын тек бір-ақ рет (жабдығыңыз бұзылған жағдайда ертерек ауыстыруға болады) оны өзіңіздің басқа құрылғыңызға тасымалдауға болады. Бағдарламаның бірінші лицензиялаған пайдаланушысы болсаңыз (i) және жаңа пайдаланушы осы келісім шарттарымен келісетін (ii) болса, бағдарламалық жасақтаманы басқа біреудің компьютеріне тасымалдауға болады. Бағдарламалық жасақтаманы жаңа құрылғыға жіберген сайын, бағдарламалық жасақтаманы алдыңғы құрылғыдан жою қажет. Лицензияны құрылғылармен бөлісу үшін бағдарламалық жасақтаманы тасымалдауға болмайды.

4. Құпиялық; Деректерді пайдалануға келісу. Біз үшін сіздің құпиялығыңыз маңызды. Бағдарламалық жасақтаманың кейбір мүмкіндіктерін пайдаланғанда, олар ақпаратты жібереді немесе қабылдайды. Бұл мүмкіндіктердің көбісін пайдаланушы интерфейсінен ажыратуға болады немесе оларды пайдаланбауды таңдауға болады. Осы келісімді қабылдау немесе бағдарламалық жасақтаманы қолдану арқылы [go.microsoft.com/fwlink/?linkid='507380,'](http://go.microsoft.com/fwlink/?linkid='507380') веб-торабында қолжетімді Microsoft құпиялық мәлімдемесінде айтылғандай және бағдарламалық жасақтама мүмкіндіктерімен байланысты пайдаланушы интерфейсінде айтылуы мүмкін болғандай Microsoft ұйымының ақпаратты жинау, пайдалану және жариялау мүмкіндігімен келісесіз.

5. Рұқсат етілген бағдарламалық жасақтама мен белсендіру. Егер сіз тек дұрыс лицензияланған және бағдарламалық жасақтама түпнұсқалы өнім кілтімен немесе басқа рұқсат етілген әдіспен дұрыс белсендірілген болса, осы бағдарламалық жасақтаманы пайдалану құқығыңыз болады. Бағдарламалық жасақтаманы пайдаланып отырғанда Интернетке қосылсаңыз, бағдарламалық жасақтаманың түпнұсқа және лицензия лицензияланған

құрылғымен байланысты екенін растау үшін автоматты түрде Microsoft ұйымына немесе филиалдарына хабарласады. Сондай-ақ, бағдарламалық жасақтаманы Интернет немесе телефон арқылы іске қосуға болады. Басқа жағдайда, кейбір ақпаратты жіберу әрекеті орындалып, Интернет, телефон және SMS қызметі үшін ақы алуы мүмкін. Белсендіру (немесе құрылғыңыздың компоненттерін өзгерту арқылы орындалған қайта белсендіру) кезінде бағдарламалық жасақтама орнатылған дананың түпнұсқа емес, дұрыс лицензияланбағанын немесе рұқсат етілмеген өзгертулер қамтитынын анықтауы мүмкін. Белсендіру орындалмаса, бағдарламалық жасақтама кез келген Microsoft бағдарламалық жасақтамасын түпнұсқалы Microsoft бағдарламалық жасақтамасымен алмастырып, өздігінен түзетуге әрекет етеді. Сондай-ақ, бағдарламалық жасақтаманың дұрыс лицензиясын алу туралы еске салғыштар алуыңыз мүмкін. Белсендіруді елемеуге немесе айналып өтуге болмайды. Кейбір жаңартуларға қолдау және басқа қызметтер тек түпнұсқалы Microsoft бағдарламалық жасақтамасын пайдаланушыларға ұсынылуы мүмкін.

6. Жаңартулар. Бағдарламалық жасақтама жүйелі түрде бағдарламалық жасақтама жаңартуларын тексеріп отырады және оларды сіз үшін жүктеп, орнатады. Жаңартуларды тек Microsoft компаниясынан немесе оның өкілетті тұлғаларынан алуға болады және осы келісім шарттарын қабылдау арқылы ешбір қосымша ескертусіз осындай автоматты жаңартуларын алуға келісесіз.

7. Географиялық және экспорттық шектеулер. Егер бағдарламалық жасақтамаңыз нақты географиялық аймақта пайдаланумен шектелген болса, бағдарламалық жасақтаманы тек сол аймақта белсендіруге болады. Тағайындаудағы шектеулерді, соңғы пайдаланушыларды және соңғы пайдалануды қамтитын бағдарламаға қолданылатын барлық ішкі және халықаралық экспорттық заңдар мен ережелерге бағынуыңыз керек. Географиялық және экспорттық шектеулер бойынша толығырақ ақпарат алу үшін go.microsoft.com/fwlink/?linkid='141397' and microsoft.com/exporting веб-торабына кіріңіз.

8. Қолдау көрсету және төленген соманы қайтару процедуралары

а. Құрылғыға алдын ала орнатылған бағдарламалық жасақтама үшін. Бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдау сұрақтары бойынша құрылғы

өндірушісімен немесе орнатушысымен байланысыңыз. Бағдарламалық құралмен бірге ұсынылған, қолдау нөмірін хабарлаңыз. Тікелей Microsoft ұйымынан алынған жаңартулар мен қосымшалар үшін Microsoft ұйымы жеке лицензияланған бағдарламалық жасақтама үшін шектеулі қолдау көрсету қызметтерін support.microsoft.com/common/international.aspx веб-торабында сипатталғандай ұсынуы мүмкін. Егер төленген соманы қайтарғыңыз кесе, оның төленген соманы қайтару саясаттары туралы білу үшін өндірушіге немесе орнатушыға хабарласыңыз. Төленген соманы қайтару үшін бағдарламалық жасақтамамен бірге бағдарламалық жасақтама орнатылған бүкіл құрылғыны қайтаруға міндеттейтін сол саясаттарды орындауыңыз қажет.

ә. Сатушыдан алынған бағдарламалық жасақтама үшін. Microsoft ұйымы жеке лицензияланған бағдарламалық жасақтама үшін шектеулі қолдау көрсету қызметтерін support.microsoft.com/common/international.aspx веб-торабында сипатталғандай ұсынады. Егер сатушыдан бағдарламалық жасақтаманы сатып алған болсаңыз және төленген соманы қайтарып алғыңыз келсе, бағдарламалық жасақтаманы алған жерде олай істеу мүмкін болмаса, Microsoft ұйымының төленген соманы қайтару туралы саясаттары бойынша ақпарат алу үшін Microsoft ұйымына хабарласыңыз. microsoft.com/worldwide веб-торабын қараңыз немесе Солтүстік Америкада (800) MICROSOFT телефон нөмірі бойынша хабарласыңыз немесе microsoft.com/info/nareturns.htm веб-торабын қараңыз.

9. Егер сіз тек Америка Құрама Штаттарында тұрсаңыз (немесе бизнесіңіз сонда орналасса), міндетті Арбитраж және біріктірілген шағымнан бас тарту (Америка Құрама штаттарынан тыс жерде тұрсаңыз немесе бизнесіңіз онда орналаспаса қолданылмайды).

а. Дау IP мекенжайынан басқаның бәрін қамтиды. «Дау» сөзі мүмкіндігінше кең мағынада қолданылады. Бұған бағдарламалық жасақтамаға, оның бағасына, осы келісімге келісім шарт, кепілдік, құқық бұзушылық, заң немесе ережелер қамтылған заңды теория бойынша сіз және өндіруші немесе орнатушы, не болмаса сіз бен Microsoft ұйымы арасындағы шағым немесе келісе алмаушылық жатады (сіздің, сіздің лицензиардың, біздің немесе біздің лицензиардың авторлық құқықтарын мәжбүрлеу немесе дұрыстығына қатысты даулардан басқа.)

ә. Алдымен пошта арқылы Дау туралы ескертпе жіберіңіз. Егер сізде шағым болып, біздің тұтынушыларды қолдау қызметінің өкілдері оны шеше алмаса, ATTN: LEGAL DEPARTMENT деп өндірушіге немесе орнатушыға АҚШ пошта қызметі арқылы Дау туралы ескертпе жіберіңіз. Егер шағымыңыз Microsoft ұйымына болса, келесі мекенжай бойынша хат жолдаңыз: Microsoft Corporation, ATTN: LCA ARBITRATION, One Microsoft Way, Redmond, WA 98052-6399. Аты-жөніңізді, мекенжайыңыз бен байланыс ақпаратыңызды, мәселені және не қалайтыныңызды жазыңыз. Пішінді go.microsoft.com/fwlink/?linkid='245499' веб-торабынан алуға болады. Біз де сізге шағымымыз болса, дәл осылай жасаймыз. 60 күннен кейін дау шешілмесе, сіз немесе біз арбитраждық сотқа жүгінеміз.

б. Ұсақ дау сотын таңдау. Дау туралы ескертпе жіберудің орнына, егер сот талаптарына сай келсе, тұрғылықты жеріңіздегі немесе егер Microsoft ұйымына шағымдансаңыз, бизнес орналасқан – King County, Washington USA ұсақ дау сотына біздің үстімізден арыз беруіңізге болады. Біз ұсақ дау сотына бармастан бұрын Дау туралы ескерту жіберіп, бізге дауды шешуге 60 күн уақыт береді деп үміттенеміз.

в. Арбитраж процедурасы. AAA Коммерциялық Арбитраж Ережелеріне сай (немесе жеке тұлға болып, бағдарламалық жасақтаманы жеке және үйде қолдансаңыз, немесе дау құны 75 000 АҚШ доллары немесе одан аз болса не болмаса сіз жеке тұлға емессіз не бағдарламалық жасақтаманы пайдалану әдістерін, оның Коммерциялық Арбитраж Ережелеріне сай) кез келген арбитражды басқарады. Қосымша ақпарат алу үшін, www.adr.org веб-торабынан қараңыз немесе 1-800-778-7879 нөміріне қоңырау шалыңыз. Арбитражды бастау үшін go.microsoft.com/fwlink/?linkid='245497' веб-торабындағы пішімді AAA поштасына жіберіңіз; көшірмесін өндірушіге немесе орнатушыға (не болмаса дау Microsoft ұйымымен болса, Microsoft ұйымына) жіберіңіз. Дау 25 000 АҚШ долларын немесе одан аз соманы қамтыса, арбитр жақсы себеп табылғанша телефон арқылы хабарласады. Телефонмен хабарласу тұрғылықты жеріңіз (немесе бизнестің орналасқан жері) бойынша не болмаса егер дау Microsoft ұйымымен болса, біздің негізгі бизнес орнымыз – King County, Washington мекенжайы бойынша жүреді. Таңдау өзіңізде. Арбитр сот орындай алатындай жеке өзіңізге бірдей шығындарды тағайындайды. Арбитр жеке шағымыңызды қанағаттандыру

үшін тек сізге жеке түсіндірме шарасын немесе соттың тыйым салуын тағайындауы мүмкін.

г. Арбитраж төлемдері мен ақылары.

(1) 75 000 АҚШ доллары немесе одан аз талап ететін даулар. Өндіруші немесе орнатушы (не болмаса егер дау Microsoft ұйымына қатысты болса, Microsoft ұйымы) тіркеу сомасын қайтарады және ААА мен арбитр шығындары мен ақыларын төлейді. Арбитр көрсетпес бұрын жасалған соңғы жазбаша шешім ұсынысын қабылдасаңыз, дау барлық жағдайда арбитр шешіміне («тағайындау») жіберіледі және арбитр осы жазбаша ұсыныстан көбірек сома тағайындаса, өндіруші немесе орнатушы (не болмаса дау Microsoft ұйымына қатысты болса, Microsoft ұйымы) келесіні орындайды: (1) 1000 АҚШ долларынан артық тағайындау; (2) егер болса, сенімді қорғаушы ақысын төлеу және (3) кез келген шығындарды (шағымыңызды зерттеу, дайындау және арбитражға шағым түсіру үшін қорғаушы есебіне жолдаған сарапшы куәларының ақыларын қоса) қайтару. Арбитр сіз бен біз оған келіскенше, соманы анықтайды.

(ii) 75 000 АҚШ долларынан артық талап ететін даулар. ААА ережелері тіркеу алымының төлемін және ААА мен арбитр ақылары мен шығындарын басқарады.

(iii) Кез келген соманы талап ететін даулар. Егер арбитраж сотын бастасаңыз, арбитр арбитражды болмашы нәрсе немесе лайықсыз деп таппайынша, біз ААА немесе арбитр ақылары мен шығындарын не болмаса біз қайтарған тіркеу алымын төлеуді талап етпейміз. Егер арбитражды біз бастасақ, барлық тіркеу, ААА және арбитр ақылары мен шығындарын төлейміз. Кез келген арбитраж сотында біздің қорғаушы ақыларын немесе шығындарын талап етпейміз. Даудың қаншалықты әсер еткенін анықтағанда ақылар мен шығындар есептелмейді.

ғ. Бір жыл ішінде тіркелу керек. Сіз және біз алғаш рет дау шыққанда бір жыл ішінде ұзақ дау сотына немесе арбитраж сотына шағым немесе дау бойынша (авторлық құқық дауларынан басқа жағдайда, 9.а бөлімін қараңыз) тіркелуіміз қажет. Болмаса, ол түпкілікті тоқтатылады.

д. Бөліктердің жарамсыздығы. Егер біріктірілген шағымнан бас тарту даудың кейбір бөліктері немесе барлығы бойынша заңсыз немесе мәжбүрлеп орындалғаны анықталса, сол бөліктері арбитраждық сотқа жіберілмейді, бірақ сотта және жартылай арбитражда жалғасуы мүмкін. Егер 9-бөлімдегі басқа шарттардың заңсыз немесе мәжбүрлеп орындалғаны анықталса, сол бөлігі алып тасталады да, 9-бөлімнің қалғаны қолданыла береді.

е. AAA заңдарымен қайшылық. Егер AAA Коммерциялық Арбитраж Заңдарымен немесе Тұтынушылар Арбитражы Заңдарымен қайшылық туындаса, осы келісім бойынша анықталады.

ж. Microsoft тарап немесе үшінші тарап бенефициары. Егер Microsoft құрылғы өндірушісі болса немесе сіз бағдарламалық жасақтаманы сатушыдан алсаңыз, Microsoft осы келісім қатысушысы болады. Болмаса, Microsoft бейресми талқылау мен арбитраж арқылы дауларды шешу үшін тарап емес, өндірушімен немесе орнатушымен келісім жасаған үшінші тарап бенефициары болып табылады.

10. Реттеуші заң. Тұрған мемлекетіңіздегі немесе еліңіздегі (бизнесіңіз орналасқан жердегі) заңдар бағдарламалық жасақтамаға, оның құнына немесе осы келісімге, оның ішінде келісім шартты ұзу бойынша шағымдар, мемлекеттің тұтынушыларды қорғау заңдарына, жосықсыз бәсекеге қарсы заңнамаға, міндетті кепілдікке қатысты заңдарға, заңсыз байыту үшін және нәтижесінде құқық бұзушылыққа апаратын әрекетке, заң негіздеріне қайшылық болғанын қарамастан арбитражға қатысты барлық шарттарды FAA реттейтіннен басқаның бәріне байланысты шағымдар мен дауларды, реттейді.

11. Желілер, деректер мен Интернетті қолдану. Бағдарламалық жасақтаманың кейбір мүмкіндіктері мен бағдарламалық жасақтама арқылы алынатын қызметтер үшін құрылғыңызды Интернетке қосу қажет болуы мүмкін. Кіру мен пайдалану үшін (шығындарды қоса) ұялы немесе интернет провайдері келісімінің шарттары қолданылуы мүмкін. Бағдарламалық жасақтаманың кейбір мүмкіндіктері Интернетке тиімді кіруге көмектесуі мүмкін, бірақ бағдарламалық жасақтаманың пайдалану калькуляторы қызмет көрсету провайдерінің өлшемдерінен өзгеше болуы мүмкін. Сіз әрдайым (i) жеке жоспарларыңыз бен келісімдеріңіздің шарттарын және (ii) жалпы/ашық желілерді қоса, желілерді пайдаланудан немесе оған кіруден туындаған

кез келген мәселелерді түсініп, орындауға міндеттісіз. Тек осылай жасауға рұқсаттарыңыз болса, бағдарламалық жасақтаманы желіге қосылу үшін және сол желілер бойынша кіру ақпаратын бөлісу үшін пайдалануға болады.

12. Шектеулі құқықтар нұсқалары. Егер алған бағдарламалық жасақтама нұсқасы арнайы не шектеулі пайдалану үшін белгіленген немесе басқаша көрсетілген болса, онда тек көрсетілгендей пайдалануға болады.

Бағдарламалық жасақтаманың келесі нұсқаларын коммерциялық, коммерциялық емес немесе түсімдерді жинақтау әрекеттері үшін пайдалануға болмайды.

а. Academic немесе University. Оқуға пайдалану үшін сатып алған уақытта білім беру мекемесінің оқушысы, оқытушысы немесе қызметкері болу қажет.

ә. Home және Student.

б. Қарулы күштерге арналған бағдарламалық жасақтама. Сіз бағдарламалық жасақтаманы «Қарулы күштер үшін» деп таңбаланған нұсқаны лицензиялау үшін «Қарулы күштер құрамына кіретін, тәжірибелі пайдаланушы» болу керексіз. Америка Құрама Штаттарында «Қарулы күштер құрамына кіретін тәжірибелі пайдаланушы» болу үшін, сіз АҚШ Федерал заңдарына және нұсқауларына сәйкес Қарулы қызметтер алмасуының расталған басшысы болуыңыз қажет.

в. Канада қарулы күштерінің бағдарламалық жасақтамасы. Сіз бағдарламалық жасақтаманы «Канада Қарулы Күштері» деп таңбаланған нұсқаны лицензиялау үшін «CANEX расталған басшысы» болуыңыз қажет. CANEX қамқорлыққа алатындарға мыналар жатады:

- Қарулы күштердің (CAF) мүшелері (қатардағы және резервтегі) және олардың отбасылары;
- Ардагерлер (бұрынғы CAF мүшелері) және олардың отбасылары, соның ішінде қайтыс болғандарының отбасылары;
- Қазір CAF қатарында қызмет ететін шетелдік қарулы күштердің мүшелері және олардың отбасылары;

- Мемлекеттік емес ұйымдардың, Канада қарулы күштерінің (NPF, CF) ағымдағы қызметкерлері;
- Әскери отбасы ресурсы орталықтарының (MFRC) ағымдағы қызметкерлері;
- Ұлттық қорғаныс департаментінің (DND) ағымдағы мемлекеттік қызметкерлері және олардың отбасылары;
- Канаданың Корольдік атты полициясының (RCMP) қызметтегі және бұрынғы мүшелері және олардың отбасылары;
- Канаданың Қорғаныс саласындағы зерттеу және дамыту орталығының (DRDC) ағымдағы қызметкерлері және олардың отбасылары;
- Канаданың Қорғаныс саласындағы құрылыс ұйымының (DCC) ағымдағы қызметкерлері және олардың отбасылары;
- Мәртебелі полковниктер/капитандар (N), подполковниктер/әскер басылары және олардың отбасылары;
- NPF, CF қызметкерлері отбасыларының мүшелері; немесе
- MFRC қызметкерлері отбасыларының мүшелері.

13. Тұтынушы құқықтары; Аймақтық вариациялар. Бұл келісімде белгілі бір заңды құқықтар берілген. Сізде мемлекетіңіздің немесе еліңіздің заңы бойынша басқа құқықтар, соның ішінде тұтынушыларды қорғау құқықтары болуы мүмкін. Сонымен қатар, бағдарламалық жасақтама алынған тарапқа қатысты құқықтарыңыздың болуы мүмкін. Егер мемлекетіңіздің немесе еліңіздің заңдары құқықтарыңызды өзгертуге рұқсат бермесе, бұл келісім одан басқа құқықтарды өзгертпейді. Мысалы, бағдарламалық жасақтаманы төмендегі аймақтардың бірінен алсаңыз немесе міндетті ел заңдары қолданылса, онда келесі шарттар сіз үшін қолданылады:

а. Австралия. «Шектелген кепілдік» сілтемелері Microsoft не болмаса өндіруші не орнатушы ұсынған тікелей кепілдік сілтемелері болып табылады. Бұл кепілдік құқықтарыңызды қамтитын заңы мен Австралия тұтынушылар құқықтары туралы заңында көрсетілген бекітілген басқа

құқықтар мен қорғау құқықтарына қосымша берілген кепілдіктеріне сәйкес қорғау құқықтарына қосымша берілген.

Бұл бөлімдегі «тауарлар» Microsoft не болмаса өндіруші не орнатушы тікелей кепілдік беретін бағдарламалық жасақтамаға қатысты болады. Біздің өнімдеріміз Австралия тұтынушылар құқықтары туралы заңының негізінде әрекет ететін кепілдіктермен бірге шығады. Кез келген басқа себептерге сәйкес пайда болған шығындар мен залалдар үшін және негізгі ақаулар үшін ақысы төленеді, өнімдер ауыстырылады және ақшасы қайтарылады. Сонымен қатар, өнім ақаулары біздің талаптарға сәйкес келсе және шығын ақысы негізгі ақау шығынан аспаса, өнім қабылданып, жөнделеді немесе ауыстырылып беріледі.

ә. Канада. Интернетке кіру мүмкіндігін ажыратып құрылғыда жаңартуларды алуды тоқтатуға болады. Интернетке қайта қоссаңыз немесе қосылғанда, бағдарламалық жасақтама жаңартуларды іздеп, орнатуды жалғастыра береді.

б. Еуропалық Одақ. Құқықтары шектеулі нұсқалар, Оқу немесе Университет атты жоғарыдағы бөлімде оқу кезінде пайдалану шектеулері сіз үшін қолданылмауы мүмкін. Пайдалану құқықтарыңыз өзгертілетін жергілікті заңдарға сәйкес болады.

в. Германия мен Австрия.

(1) Кепілдік. Жеке лицензияланған бағдарламалық жасақтама көбінесе бағдарламалық жасақтамамен бірге берілетін кез келген Microsoft ұйымының материалдарында сипатталғандай жұмыс істейді. Дегенмен, өндіруші немесе орнатушы және Microsoft лицензияланған бағдарламалық жасақтамаға қатысты келісім шарт кепілдігін бермейді.

(ii) Жауапкершілікті шектеу. Қасақана істелген әрекет, салақтық, Өнім сапасының жауапкершілігіне қатысты заң негізіндегі шағымдар, өлімге немесе жеке басына қатысты не дене жарақатын алған жағдайда өндіруші немесе орнатушы не болмаса Microsoft тиісті заңға байланысты жауапты болады.

Алдағы сөйлемге қатысты өндіруші немесе орнатушы не болмаса Microsoft тек аздап ұқыпсыздыққа жауапты болады, егер өндіруші не орнатушы не болмаса Microsoft сондай материалдың келісім шарт міндеттерін бұзса, оны толтыру осы келісім өнімділігіне байланысты орындалады, оны бұзу осы келісімнің мақсатына қауіп төндіреді және оның үйлесімділігіне тараптың тұрақты сенуіне болады («негізгі міндеттер» деп аталады). Шамалы салақтықтың басқа жағдайларында өндіруші не орнатушы немесе Microsoft шамалы салақтық үшін жауапты болмайды.

г. Жапония. Жапония елінде тұратын болсаңыз немесе Жапония елінде тұрған кезде бағдарламалық жасақтаманы алсаңыз, бұл лицензияларға сәйкес сізге төмендегі құқықтар беріледі: сондай-ақ, бағдарламалық жасақтаманың екінші көшірмесін екінші лицензияланған құрылғыда бірінші лицензияланған құрылғының лицензияланған пайдаланушысы ретінде орнатуға және пайдалануға болады.

14. Үйде пайдалануға арналған бағдарлама. «Үйде пайдалануға арналған бағдарлама» деп таңбаланған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану үшін сіз «Үйде пайдалануға арналған бағдарламаның пайдаланушысы» болуыңыз керек. Үйде пайдалануға арналған бағдарламаның пайдаланушысы болу үшін төмендегілер сәйкес келуі қажет:

- Microsoft корпорациясынан Бағдарламалық қамтамасыз ету кепілдікпен көтерме сауда жасауға лицензиялық келісім-шартқа ие болған, қызметкер немесе ұйым, және
- бағдарламалық қамтамасыз етудің белсенді Бағдарламалық қамтамасыз ету кепілдігі бар, өнімнің немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің лицензиялық көшірмесінің пайдаланушысы.

15. Тіл жиынтықтары және емлені тексеру құралдары. Бағдарламалық жасақтаманың қосымша тілдік нұсқасын қолдайтын тіл жиынтығын, пайдаланушы интерфейсінің жиынтығын немесе емлені тексеру құралын алсаңыз, сол жиынтықтағы немесе құралдағы қосымша тілдерді пайдалануға болады. Тіл жиынтықтары, пайдаланушы интерфейсінің жиынтықтары және емлені тексеру құралы – бағдарламаның бір бөлігі және бөлек пайдалануға арналмаған.

16. Бағалау және сынақ нұсқасы. Бағалауға (сынауға не көрсетуге) пайдалану үшін бағдарламалық жасақтаманы (соның ішінде «Сатуға арналмаған» деген жазуы бар бағдарламалық жасақтамаларды) сатуға немесе бағалау кезеңінен кейін пайдалануға болмайды. Бағалау (не сынақ не көрсету) нұсқасын нақты жұмыс ортасында пайдалануға болмайды. Кейбір бағдарламалық жасақтамалар шектелген мерзіммен қолдану негізінде лицензияланған болуы мүмкін. Бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдануға құқықтар сыналатын кезеңмен шектелуі мүмкін. Сынақ бағдарламалық жасақтама және сынақ кезеңінде жүктеп алу немесе іске қосу процесі кезінде белгіленеді. Сынақ мерзімі аяқталғанда ұсынылса, сынақ мерзіміне берілген құқықтарды жазылымға немесе тұрақты құқықтарға өзгерту мүмкіндігі бар. Құқықтардың келесі өзгеруісіз кез келген сыналатын кезеңнің аяқталуы бойынша, сыналатын бағдарламалық қамтамасыз етудің функционалды мүмкіншіліктердің көп бөлімі істемейді. БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЫНАҚ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАСЫ «СОЛ ҚАЛПЫНДА» ЛИЦЕНЗИЯЛАНҒАН ЖӘНЕ ОНЫҢ САПАСЫ МЕН ӨНІМДІЛІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ӨЗІҢІЗ КӨТЕРЕСІЗ. ЕГЕР БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЖАСАҚТАМАДА АҚАУ БОЛСА, БАРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ НЕМЕСЕ ЖӨНДЕУ АҚЫЛАРЫН ӨЗІҢІЗГЕ АЛАСЫЗ. MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫ ЕШҚАНДАЙ ТІКЕЛЕЙ КЕПІЛДІКТЕР НЕМЕСЕ ШАРТТАР БЕРМЕЙДІ. СІЗ ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАР БОЙЫНША БҰЛ КЕЛІСІМ ӨЗГЕРТЕ АЛМАЙТЫН ҚОСЫМША ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРҒА ИЕ БОЛАСЫЗ. ЖЕРГІЛІКТІ ЗАҢДАР БОЙЫНША РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАҒДАЙДА, MICROSOFT КОРПОРАЦИЯСЫ САТУ ЖАРАМДЫЛЫҒЫНА, БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА ЖӘНЕ ЗАҢНЫҢ САҚТАЛУЫНА АРНАЛҒАН ЗАҢДЫҚ НЕГІЗДЕГІ КЕПІЛДІКТЕР БЕРМЕЙДІ.

17. Толық Келісім. Бұл келісім (басып шығарылған лицензиялық шарттармен немесе кез келген бағдарламалық қосымшалар, жаңартулар және өндіруші не орнатушы немесе Microsoft ұсынған және сіз пайдаланып отырған қызметтерге қатысты басқа шарттар) және осы келісімде тізімделген веб-сілтемелерді қамтитын шарттар бағдарламалық жасақтаманың және кез келген қосымшалардың, жаңартулардың және қызметтердің (өндіруші не орнатушы не болмаса Microsoft ұйымы осы қосымшалар, жаңартулар немесе қызметтер бойынша басқа шарттар ұсынбаса) толық келісімі болып табылады. Бағдарламалық жасақтама microsoft.com/useterms веб-торабына немесе бағдарламалық жасақтамадағы Файл - Есептік жазба - Бағдарлама туралы тармағына өтіп, іске қосылғаннан кейін осы келісімді қарап шығуға болады. Сондай-ақ, осы келісімдегі сілтемелердің кез келгеніндегі шарттарды URL мекенжайларын

бағдарламалық жасақтама іске қосылғаннан кейін шолғыштың мекенжай жолына теру арқылы қарап шыға аласыз және осылай істеуге келісесіз. Кез келген сілтеме берілген шарттарды қоса, бағдарламалық жасақтаманы немесе қызметтерді қолданбастан бұрын шарттарды оқып шығуға келісесіз. Бағдарламалық жасақтаманы немесе қызметтерді пайдалану арқылы осы келісім мен сілтеме берілген шарттарды қабылдайтыныңызды түсінесіз. Осы келісімде ақпараттық сілтемелер де бар. Ескертпелер мен міндетті шарттарды қамтитын сілтемелер:

· go.microsoft.com/fwlink/?LinkId='521839' (Microsoft Құпиялық мәлімдемесі)

· go.microsoft.com/fwlink/?linkid='248238' (Microsoft қызметтер келісімі)

ШЕКТЕЛГЕН КЕПІЛДІК – ҚҰРЫЛҒЫ ӨНДІРУШІСІ/ОРНАТУШЫСЫ

Құрылғы өндірушісі немесе орнатушы кепілдік беретін дұрыс лицензияланған бағдарлама бағдарламалық жасақтама арқылы алынатын материалдарда сипатталғандай жұмыс істейді. Егер жаңартулар мен қосымшалар Microsoft корпорациясынан тікелей алынған болса, Microsoft корпорациясы осы шектелген кепілдіктің 90 күндік мерзімі ішінде оларға шектелген кепілдік ұсынады. Осы шектелген кепілдік сіз жасаған немесе нұсқауларды орындамағандықтан пайда болатын ақауларға немесе өндіруші немесе орнатушы немесе Microsoft корпорациясының сапалы бақылауынан тыс тұрған оқиғаларға таратылмайды. Бұл шектелген кепілдік бағдарламалық жасақтаманың бірінші көшірмесінің бірінші пайдаланушысы көшірмені жасаған сәттен басталады және 90 күнге созылады. Осы 90 күн ішінде өндіруші, орнатушы немесе Microsoft корпорациясынан алған қандай да бір қосымшалар, жаңартулар немесе ауыстырылып берілген бағдарламалық жасақтама, дегенмен сол мерзімге немесе 30 күнге ғана, қайсысы ұзағырақ

болса, сол уақытта қарастырылады. Бағдарламалық жасақтаманың лицензиясын тасымалдау шектеулі кепілдік мерзімін ұзартпайды.

Өндіруші немесе орнатушы және Microsoft корпорациясы басқа шұғыл кепілдіктер, кепілдемелер немесе шарттар бермейді. Өндіруші немесе орнатушы және Microsoft корпорациясы сату жарамдылығына, белгілі бір мақсатқа және заңның сақталуына сай келуіне қатысты міндетті кепілдіктер бермейді. Егер жергілікті заң міндетті кепілдіктерді алып тастауға рұқсат етпесе, ойдағы кепілдіктер немесе шарттар тек шектеулі кепілдіктің шарттары барысында жалғасады және жергілікті заң рұқсат еткенше барынша шектеледі. Егер жергілікті заң ұзақ мерзімді шектелген кепілдікті талап етсе, келісімге қарамастан, ұзақ мерзім қолданылады, бірақ тек осы келісім рұқсат еткен төлемақыларды қайтара аласыз.

Егер өндіруші не орнатушы немесе Microsoft ұйымы өз таңдауы бойынша мына жағдайларда шектеулі кепілдік мерзімін үзеді: (i) бағдарламалық жасақтаманы тегін жөндейді немесе алмастырады не болмаса (ii) құны төленген болса, оны қайтара отырып, қайтарылған бағдарламалық жасақтаманы (немесе таңдау бойынша бағдарламалық жасақтама алдын ала орнатылған құрылғысын) қабылдайды. өндіруші немесе орнатушы (немесе Microsoft корпорациясынан тікелей алынған жағдайда Microsoft корпорациясы), бар болған жағдайда, қосымшаларды, жаңартуларды және ауыстырылатын бағдарламалық ЖАСАҚТАМАНЫ жөндеуі немесе ауыстырып беруі мүмкін немесе төленген шығындардың құнын қайтарып беруі мүмкін. Олар бұл шектелген кепілдікті бұзғаны үшін қайтаратын құн ғана болып табылады. Microsoft корпорациясына шығындар сомасын төлетуге негіздер бар болса, тек бағдарламалық жасақтамаға төленген тікелей шығындар сомасын (бағдарламалық жасақтама ақысыз алынған болса ең көбі 50 АҚШ доллары) қайтаруға болады. Құнын қайтару үшін, сатып алғаныңызды дәлелдейтін құжаттың көшірмесін бересіз және өндірушінің немесе орнатушының құнды қайтару саясатымен келісесіз. Құрылғы сатып алсаңыз, шынайы Түпнұсқалық куәліктің белгісі, сондай-ақ өнім кілті құрылғыға бекітілген болуы қажет.

Өндіруші, орнатушы немесе Microsoft ұйымы ұсынуы мүмкін кез келген жөндеу, алмастыру немесе төленген соманы қайтарудан басқа, сіз осы шектеулі кепілдік бойынша, осы келісімнің кез келген басқа бөлігі

бойынша немесе кез келген әдісті, шығындарды не болмаса басқа түзетулерді, оның ішінде пайданы жоғалту немесе тікелей, үздіксіз, арнайы, жанама немесе кездейсоқ шығындарды қалпына келтіре алмайсыз. Егер жөндеу, алмастыру немесе төленген соманы қайтару кез келген шығындарыңыз толығымен өтелмесе, егер өндіруші, орнатушы немесе Microsoft ұйымы шығындардың ықтималдығын білсе немесе білуі тиіс болса не болмаса түзетулер негізгі мақсаты бойынша орындалмаса, осы келісімдегі шығынды алып тастау мен түзетулер қолданылмайды. Кейбір мемлекеттерде немесе елдерде кездейсоқ жанама немесе басқа шығындарды шектеуге немесе алып тастауға рұқсат етілмейді, сондықтан, сол көрсетілген шектеулер немесе алып тастаулар сіз үшін қолданылмауы мүмкін. Егер осы келісім қалпына келтірмейтін болса да, жергілікті заң өндірушіден, орнатушыдан немесе Microsoft ұйымынан шығындарды қалпына келтіруге мүмкіндік берсе, бағдарламалық жасақтамаға төлегеніңізден аспайтын соманы (егер бағдарламалық жасақтаманы тегін алсаңыз, 50 АҚШ долларына дейін) қалпына келтіре аласыз.

КЕПІЛДІК БЕРУ ТӘРТІБІ

Қызмет немесе төленген соманы қайтару үшін сатып алғаныңызды растайтын түбіртек көшірмесін және бағдарламалық жасақтаманы жойып, Microsoft ұйымына қайтаруды немесе бағдарламалық жасақтамамен бірге бағдарламалық жасақтама орнатылған Microsoft ұйымының құрылғысын қайтаруды талап ететін өндірушінің не орнатушының немесе Microsoft ұйымының төленген соманы қайтару саясаттарына сәйкес беруіңіз қажет; өнім кілті (құрылғымен бірге берілсе) қамтылған түпнұсқалығын растайтын жапсырма куәлігі бекітілген күйінде болуы тиіс.

Бағдарламалық жасақтама үшін кепілдендірілген қызметті алу туралы білу үшін, құрылғыңызда көрсетілетін өндіруші не орнату мекенжайына хабарласыңыз немесе тегін телефон нөміріне қоңырау соғыңыз. Егер Microsoft құрылғы өндірушісі болса немесе сіз бағдарламалық жасақтаманы сатушыдан алсаңыз, Microsoft корпорациясына келесі мекенжай бойынша хабарласыңыз:

1. Америка Құрама Штаттары және Канада. Америка Құрама Штаттарында немесе Канадада алынған бағдарламалық жасақтама үшін шектелген кепілдік қызметі немесе төленген соманы қайтарып алу әдісі туралы ақпаратты алу

үшін Microsoft ұйымына (800) MICROSOFT нөмірі арқылы телефонмен;
Redmond, WA 98052-6399 мекенжайы бойынша Microsoft тұтынушыларды қолдау
қызметі мен қолдау көрсету бөліміне электрондық поштамен хабарласыңыз
немесе microsoft.com/info/nareturns.htm веб-торабына кіріңіз.

2. Еуропа, Таяу Шығыс және Африка. Егер бағдарламалық жасақтама
Еуропада, Таяу Шығыста немесе Африкада сатып алынған болса, онда
шектелген кепілдік Microsoft Ireland Operations Limited компаниясымен
қызмет көрсетіледі. Шектелген кепілдік негізінде шағым жасау үшін
Microsoft Ireland Operations Limited, Customer Care Centre, Atrium
Building Block B, Carmanhall Road, Sandyford Industrial Estate, Dublin
18, Ireland компаниясына немесе еліңіздегі Майкрософт корпорациясының
өкілдігіне (microsoft.com/worldwide торабын қараңыз) хабарласу қажет.

3. Австралия. Егер бағдарламалық жасақтаманы Австралиядан алған
болсаңыз, 13 20 58 нөмірі немесе Microsoft Pty Ltd, 1 Epping Road,
North Ryde NSW 2113 Australia мекенжайы бойынша Microsoft ұйымына
хабарласыңыз.

4. Басқа елдер. Егер бағдарламалық жасақтаманы басқа елден алған
болсаңыз, еліңіздегі Microsoft филиалының қызмет көрсету бөліміне
хабарласыңыз (microsoft.com/worldwide веб-торабын қараңыз).

ШЕКТЕЛГЕН КЕПІЛДІК – БӨЛШЕК САУДА

Microsoft ұйымы жеке лицензияланған бағдарламалық жасақтама көбінесе
бағдарламалық жасақтамамен бірге берілетін кез келген Microsoft
ұйымының материалдарында сипатталғандай жұмыс істейтініне кепілдік
береді. Бұл шектеулі кепілдікке сіздің әрекеттеріңізбен жасалған,
нұсқауларды орындамаудан болған немесе Microsoft ұйымының саналы
бақылауынан тыс оқиғалардан болған қиындықтар кірмейді. Шектелген
кепілдік бағдарламалық жасақтаманың бірінші көшірмесінің бірінші

пайдаланушысы көшірмені жасаған сәттен басталады және 1 жылға созылады. Сол жылы Microsoft ұйымынан алуыңыз мүмкін қосымшалар, жаңартулар немесе бағдарламалық жасақтаманы алмастыру да кепілдікке кіреді, бірақ бір жыл мерзімінде қалған уақыт үшін немесе 30 күн үшін – ұзағырағы қолданылады. Бағдарламалық жасақтаманы жіберу шектеулі кепілдік мерзімін ұзартпайды.

Microsoft корпорациясы басқа ешқандай тікелей кепілдіктер, кепілдемелер немесе шарттар ұсынбайды. Microsoft ұйымы барлық ойдағы кепілдіктер мен шарттарды (оның ішінде тауар жағдайы, белгілі бір мақсатқа жарамдылығы мен заңның сақталуы) бермейді. Егер жергілікті заң міндетті кепілдіктерді алып тастауға рұқсат етпесе, ойдағы кепілдіктер немесе шарттар тек шектеулі кепілдіктің шарттары барысында жалғасады және жергілікті заң рұқсат еткенше барынша шектеледі. Егер жергілікті заң ұзақ мерзімді шектелген кепілдікті талап етсе, келісімге қарамастан, ұзақ мерзім қолданылады, бірақ тек осы келісім рұқсат еткен төлемақыларды қайтара аласыз.

Егер Microsoft ұйымы өз таңдауы бойынша мына жағдайларда шектеулі кепілдік мерзімін үзеді: (i) бағдарламалық жасақтаманы тегін жөндейді немесе алмастырады не болмаса (ii) құны төленген болса, оны қайтара отырып, қайтарылған бағдарламалық жасақтаманы (немесе таңдау бойынша бағдарламалық жасақтама алдын ала орнатылған Microsoft ұйымының құрылғысын) қабылдайды. Олар бұл шектелген кепілдікті бұзғаны үшін қайтаратын құн ғана болып табылады. Осы кепілдік сізге ерекше заңды құқықтар береді және сонымен қатар әр түрлі мемлекеттерде немесе елдерде әр түрлі болатын басқа құқықтарға ие боласыз.

Microsoft ұйымы ұсынуы мүмкін кез келген жөндеу, алмастыру немесе төленген соманы қайтарудан басқа, сіз осы шектеулі кепілдік бойынша, осы келісімнің кез келген басқа бөлігі бойынша немесе кез келген әдісті, шығындарды не болмаса басқа түзетулерді, оның ішінде пайданы жоғалту немесе тікелей, үздіксіз, арнайы, жанама немесе кездейсоқ шығындарды қалпына келтіре алмайсыз. Егер жөндеу, алмастыру немесе төленген соманы қайтару кез келген шығындарыңыз толығымен өтелмесе, егер Microsoft ұйымы шығындардың ықтималдығын білсе немесе білуі тиіс

болса не болмаса түзетулер негізгі мақсаты бойынша орындалмаса, осы келісімдегі шығынды алып тастау мен түзетулер қолданылмайды. Кейбір мемлекеттерде немесе елдерде кездейсоқ жанама немесе басқа шығындарды шектеуге немесе алып тастауға рұқсат етілмейді, сондықтан, сол көрсетілген шектеулер немесе алып тастаулар сіз үшін қолданылмауы мүмкін. Егер осы келісім қалпына келтірмейтін болса да, жергілікті заң Microsoft ұйымынан шығындарды қалпына келтіруге мүмкіндік берсе, бағдарламалық жасақтамаға төлегеніңізден аспайтын соманы (егер бағдарламалық жасақтаманы тегін алсаңыз, 50 АҚШ долларына дейін) қалпына келтіре аласыз.

КЕПІЛДІК БЕРУ ТӘРТІБІ

Қызмет немесе төленген соманы қайтару үшін сатып алғаныңызды растайтын түбіртек көшірмесін және бағдарламалық жасақтаманы жойып, Microsoft ұйымына қайтаруды немесе бағдарламалық жасақтамамен бірге бағдарламалық жасақтама орнатылған Microsoft ұйымының құрылғысын қайтаруды талап ететін Microsoft ұйымының төленген соманы қайтару саясаттарына сәйкес беруіңіз қажет; өнім кілті (құрылғымен бірге берілсе) қамтылған түпнұсқалығын растайтын жапсырма куәлігі бекітілген күйінде болуы тиіс.

1. Америка Құрама Штаттары және Канада. Америка Құрама Штаттарында немесе Канадада алынған бағдарламалық жасақтама үшін шектелген кепілдік қызметі немесе төленген соманы қайтарып алу әдісі туралы ақпаратты алу үшін Microsoft ұйымына (800) MICROSOFT нөмірі арқылы телефонмен; Redmond, WA 98052-6399 мекенжайы бойынша Microsoft тұтынушыларды қолдау қызметі мен қолдау көрсету бөліміне электрондық поштамен хабарласыңыз немесе microsoft.com/info/nareturns.htm веб-торабына кіріңіз.

2. Еуропа, Таяу Шығыс және Африка. Егер бағдарламалық жасақтама Еуропада, Таяу Шығыста немесе Африкада сатып алынған болса, онда шектелген кепілдік Microsoft Ireland Operations Limited компаниясымен қызмет көрсетіледі. Шектелген кепілдік негізінде шағым жасау үшін Microsoft Ireland Operations Limited, Customer Care Centre, Atrium Building Block B, Carmanhall Road, Sandyford Industrial Estate, Dublin 18, Ireland компаниясына немесе еліңіздегі Майкрософт корпорациясының өкілдігіне (microsoft.com/worldwide торабын қараңыз) хабарласу қажет.

3. Австралия. Егер бағдарламалық жасақтаманы Австралиядан алған болсаңыз, 13 20 58 нөмірі немесе Microsoft Pty Ltd, 1 Epping Road, North Ryde NSW 2113 Australia мекенжайы бойынша Microsoft ұйымына хабарласыңыз.

4. Басқа елдер. Егер бағдарламалық жасақтаманы басқа елден алған болсаңыз, еліңіздегі Microsoft филиалының қызмет көрсету бөліміне хабарласыңыз (microsoft.com/worldwide веб-торабын қараңыз).